

2022

D A M U

д а й д ж е с т

Астанада
Премьер-Министрдің
қатысуымен ірі

көрме өтті

Төрт
шаршы
метр
жерден
басталған

start-up



ИСЛАМ


Қ А Р Ж Ы Л А Н Д Ы Р У Ы

«Kazakhstan
Ijara Company» АҚ

16.5%

«Al Hilal»
Ислам банкі» АҚ

15.5%





Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Басқарма төрайымының орынбасары

Қымбатты достар!

Бүгін назарларыңызға «Даму Дайджест» журналының 2022 жылдың жарты жылын қорытындылаған санын ұсынып отырмыз. Журнал «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тыныс-тіршілігінен хабар беріп, еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау құралдарымен таныстырады. Сонымен қатар, Қор жаңалықтары мен бағдарламалары жайлы мол мәлімет ала аласыз.

Журналдан Қор қолдауын алған, мемлекеттік қолдау құралдарын пайдаланған кәсіпорындар жайлы нақты мысалдар ретінде келтірілген. Яғни, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу арқылы кәсіп ашып немесе жұмысы жүріп тұрған бизнесін дамытып, өрлеп келе жатқан кәсіпкерлердің табыс тарихы беріледі.

Бұл жолғы журнал саны негізінен 20-22 мамыр аралығында астанада өткен отандық кәсіпкерлердің «Ұлттық өнім» атты отандық көрмесіне арналды. «Даму-Дайджест» бетінен көрмеге қатысқан кәсіпкерлер, өнімдері жайлы ақпараттар мен көрменің өту барысы, нәтижесі секілді мәліметтермен толық таныса аласыздар.

Даму дайджест электронды журналы №2 (15) 2022

2019 жылдан бастап қазақ
және орыс тілдерінде шығады.

Бас редактор

Ғалым Нұрғазиев

Редактор

Зәуре Зақанқызы

Жобаға қатысқандар

Асель Камалиденова
Жалғас Бекбаев
Зарина Құдайбергенова
Болат Катаров
Роза Байсалихова
Жанна Нарымбетова

Дизайн мен беттеу

Абзал Қуандық

Фотосуреттер

ЖШС/ЖК иелеріне тиесілі

Меншік иесі:

«Даму» кәсіпкерлікті
дамыту қоры» АҚ

Мекенжай:

ҚР, Алматы қ, А05С9Ү3.
Гоголь көш, 111

E-mail:

info@fund.kz

Тел:

+7 (727) 244 55 66

Call-орталық (тегін) 1408

Төрт шаршы метр жерден басталған **start-up**

Былғары – табиғаттың ұзақ эволюция жолынан өткен берік те, бірегей материалы. Адамзат оның артықшылықтары мен іске жарамдылығын ерте кезден-ақ біліп, кәдеге асыра бастаған. Теріні ең алғаш неандертал адам илеп, үстіне лыпа, аяғына киім ретінде пайдаланды.

Уақыт өтіп, ғалам мен қоғам дами келе теріден жасалған бұйымдар өзгеріске ұшырап, мақсаты да өзгере бастады. Орта ғасырда ол ақсүйектер ғана тұтынатын материал болып есептелді. Жазу-сызу дами келе одан кітап жасала бастады. Адамдар теріні әсемдігі, икемділігі, мықтылығы үшін бағалады. Қазір де солай.

Кез-келген табиғи материал сияқты, теріден бұйым шығару оңай емес. Шебердің қиялы мен қолының ептілігі, қандай да бір материалды тани білетін түйсік пен тәжірибе керек. Ал мұндай салада табысты бизнесмен болу үшін адам бойында кәсіпкерлік ынта, талап, табандылық, қолдан дүние жасап, шедевр тудыруға деген махаббат басым болса құба-құп. Былғарыдан жасалған бұйымдар өндірісін құрып, отандық ZAF брендінің негізін қалаушы **Жәнібек Сәрсембаев** осындай адам.

ZAF – былғарыдан белдіктер мен басқа да бұйымдар шығаратын қазақстандық бренд. Бірінші белбеу 2015 жылы жасалған.

Д.Д: Қайырлы күн, Жәнібек. Бизнеске әркім әрқалай келеді. Көп жағдайда сауда жасап, күн көріске нәпақа тауып жүріп, бір күндері өндірушілікке бет бұрады. Сіз бірден өндіріске ауыз салғансыз.

Ж.С: «Мен IT саласында жұмыс істедім және бір күні бизнеспен айналысып, тіпті өндіріс ашуға шешім қабылдадым. Интернетте белдіктер мен әмияндарды былғарыдан қалай жасау керектігі туралы ақпаратты зерттей бастадым. Маған ұнады. Алдымен былғары сататын аяқ киім дүкенін тауып, өзіме аздап материал сатып алдым. Осы іспен айналысудың ұнағаны сондай, тіпті өндірісіме қажетті құралдарды өз қолыммен қалай жасауға болатынын түсімде де көретін болдым», - дейді Жәнібек.

Орта есеппен тұтынушының бойында бір мезетте төрт түрлі былғары бұйым болады. Бұл – аяқ киім, белбеу немесе әмиян, қол сағатындағы бау немесе т.б. зат болуы мүмкін. Бұл портретке елдегі барлық ерлер мен әйелдер кіреді. Жәнібек осыны жақсы ұқты және таңдауының дұрыс екенін түсінді.

Д.Д: Сөйтіп, идеядан іске кірістіңіз. Жұмыс орны, құрал-жабдық, жұмысшы, өндіріс мәселесін қалай шештіңіз?



Ж.С.: «Мен үйдегі төрт шаршы метрлік дәлізде отырып, сататын алғашқы белдігімді жасадым. Бұл – ванна, дәретхана, жатын бөлме және залдің есігіне кіре берістегі кішкене ғана алаң еді. Үйдегілердің барлығы осы жермен әрі-бері өтуі керек. Кейде жұмыс істеп отырған кезде балалар жүгіріп, ойнап, құралдарымды алып кетіп мазамды алатын. Алғашқы күндерден бастап маған жұбайым көмектесті. Ол үй шаруасындағы ана еді. Тапсырыс көп болып кеткенде менімен бірдей жұмыс істейтін. ZAF – қыздарым Зере мен Ажар, жұбайым Фатиманың есімінің бас әріптері», - дейді ол.

Д.Д.: Таңғаларлық! Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзін басшылыққа алып,

белді бекем бұған екенсіз. Дегенмен, бизнесті жолға қою үшін қаржы көзін іздемей болмайтыны белгілі. Сіз бұл істі қолға алғанда 2015 жылдың қазан айы дедіңіз. Ал алғашқы цех 2016 жылдың мамыр айында іске қосылыпты.

Ж.С.: 2018 жылдың соңында және 2019 жылдың басында ZAF LEATHER атты брендке терімен жұмыс істеу үшін жабдықтар мен шикізат сатып алуға 3 000 000 теңге көлемінде грант ұтып алдым. Қазір бізде Нұр-Сұлтан қаласында өндіріс цехымыз, Қазақстан бойынша сату нүктелеріміз бар, тіпті ТМД мен Қытайға өнім экспорттап отырмыз. Арманым – бүкіл әлемде «Made in Kazakhstan» деген жазу болуы! Адамдар көбінесе белдіктерді шетелдік дос, әріптестеріне сый ретінде Ресейде сатылып жатыр».

сатып алады. Біздің белдіктеріміз Еуропаның барлық дерлік елдерінде, Ұлыбританияда, АҚШ-та, Сингапурда, Пәкістанда,

Д.Д.: Бизнесті дамыту жоспарыңызбен бөлісе аласыз ба? ZAF LEATHER-ден қандай жаңалық күтсек болады?

Ж.С.: Мен былғары өндіретін тағы бір цехты іске қосуды жоспарлап отырмын. Осылайша былғары бұйымдар өндірісінің циклын былғарының «ветблю» сатысынан бастап дамытпақпын

Сұқбатыңызға рахмет!

Instagram: @zaf_kazakhstan

Сайт: zaf.kz

Телефон: +7 705 440 64 77



Астанада Премьер-Министрдің қатысуымен ірі **көрме** өтті



Елордадағы Тәуелсіздік сарайында 20 мамыр күні қазақстандық өндірушілердің дәстүрлі «Ulttyq Onim» көрмесі ашылды.

Көрменің ашылуына ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов, ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы Қанат Шарлапаев, «Даму» Қорының Басқарма төрайымы Гаухар Бурибаева, сондай-ақ Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысты.

Үш күндік көрмені ұйымдастырушы – «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ микро, шағын және орта бизнестің 350-ден астам өкілінің басын қосты. Олардың барлығы Қор арқылы мемлекеттік қолдау алған.

Салтанатты шарада сөз алған Әлихан Смайылов бүгінде Үкімет кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді шараларын жүзеге асырып жатқанын атап өтті. «Мәселен, соңғы 5 жылда шағын және орта бизнестің ЖІӨ үлесі 27%-дан

33%-ға дейін өсті», - деді Премьер-Министр.

Премьер-Министр сондай-ақ, мемлекет басшысының шағын және микробизнес субъектілерін тексеруге мораторий жариялауы бизнес жүргізуге үлкен жеңілдік еткенін атап өтті.

Тек өңдеу өнеркәсібіндегі импорттың үлесі өткен жылы 38 млрд долларды құрағанын ескерсек, кәсіпкерлер үшін импорт алмастыру – ең басты бағыттардың бірі болып отыр.

“ Бұл қазақстандық өндірушілер үшін өз бизнесін дамытуға және жаңа тауар өндірісіне инвестиция салуға тамаша мүмкіндік. Бүгінде Үкімет 717 инвестициялық жобадан пул құрды, оның 286-сы 9,9 трлн теңгелік импортты алмастыратын жобалар», - деді **Әлихан Смайылов.** ”

Үкімет басшысы 2022 жылы 1,7 трлн теңгелік 165 жобаны іске қосу жоспарланғанын атап өтті. Әрбір осындай жобаның айналасында шағын және орта бизнес компаниялары ортасы дамитын болады.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік саласындағы ұдайы реттеу саясатын реттейтін заң қабылданды. Ол бизнеске әкімшілік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Үкімет бизнес жүргізудегі бәсекелестік аясын кеңейту және нарықтағы монополияларды жою бағытындағы жұмысты жалғастыруда. Отандық компаниялардың квазимемлекеттік сектордың лоттарына қатысуы оңайлатылуда.

“ «Билік пен бизнестің өзара сындарлы іс-қимылы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың негізі болып саналатынын мемлекет басшысы атап өткен еді. Осыған байланысты Үкімет кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен ашықтығын арттыру бойынша белсенді жұмысты жалғастырады», - деп сөзін түйіндеді **Әлихан Смайылов.** ”

Ашылу рәсімі аяқталғаннан кейін Премьер-Министр көрме залында болып, отандық тауар өндірушілердің стендтерімен танысты.

Сондай-ақ, журналистерге арналған баспасөз конференциясы кезінде Қор басшысы Гаухар Бурибаева қазақстандық кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шаралары туралы айтып берді.

“ Бұл – отандық кәсіпкерлердің «Ultyq Onim» көрмесі. Ол ел арасына кең танылып келеді. Мемлекеттік қолдау шаралары кеңеюде, өндірістер мен жаңа кәсіпкерлер пайда болуда және биыл көрмеде 350 отандық кәсіпкердің тауары ұсынылды. «Даму» Қоры 2010 жылдан бастап шамамен 160 мың жобаны қолдады, оның ішінде басым көбі, яғни шамамен 92%-ы шағын және орта бизнес. 2020 жылдан бастап біздің қолдауымыз негізінен микро және шағын бизнеске бағытталды. Біз «Ultyq Onim» көрмесі оң мультипликативтік әсер беріп, ШОБ-тың одан әрі дамуына жаңа серпін береді деп күтеміз. Ол Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ өнімді шетелге де жеткізуге мүмкіндік туғызады», - деп атап өтті **Гаухар Бурибаева.** ”

«Даму» қорының басшысы келтірген мәліметтер бойынша, 2021 жыл соңында Қор жалпы несие сомасы 2,2 трлн теңге болатын 57,4 мың жобаны қолдаған, бұл – 2020 жылмен

салыстырғанда жобалар саны бойынша 74%-ға артық.

Айта кету керек, елорда тұрғындары мен қонақтары көрмені үш күн бойы тамашалап қана қоймай, «Made in KZ» сауда белгісімен шығатын жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау және фармацевтика өнімдері, жиһаз, ағаштан жасалған тауарлар, зергерлік бұйымдар және басқа да тауарларды да сатып ала алды. Мұнымен қоса, келушілер үшін «Халық Таңдауы» дегустация конкурсы, қазақстандық жетекші өндірушілердің әйелдер және ерлер киімдерінің коллекцияларының сән көрсетілімі, көрме қатысушылары ұсынатын сыйлықтар ойнатылды.

Сонымен қатар, «Ultyq Onim» көрмесі – қазақстандық кәсіпкерлердің шетелдік серіктестермен және инвесторлармен кездесуі үшін тамаша алаң. Көрме аясында Кәсіпкерлерге франчайзи компаниялардың форумы мен түрлі шеберлік сыныптары ұйымдастырылды, онда танымал кәсіпкерлер пайдалы білімдері мен тәжірибелерін ортаға салды.

Өткен жылы «Даму» Қоры жалпы сомасы 2,2 трлн теңге болатын 57,4 мың жобаға қолдау көрсетті. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда жобалар саны бойынша 74%-ға артық, 2022 жылы «Даму» Қоры субсидия және кепілдік беру құралы бойынша 42 мыңға жуық жобаға қолдау көрсетуді жоспарлап отыр.



ҰЛТТЫҚ
ӨНІМ

Выставка
«Ulttyq Onim 2022»



сумма
продаж

70 млн тг.



КОЛ-ВО
участников

345



КОЛ-ВО ЗАКЛЮЧЕННЫХ
ДОГОВОРОВ

120

КОЛ-ВО ПОСЕТИТЕЛЕЙ
за 3 дня

20 000



общая сумма
заклученных договоров

89 млн тг.



2016 жылы Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласында киім дизайнері курсы оқып, өз командасын жинап, дизайнерлік ателье ашуды ұйғарды. Сол жылы «Атырау аруы» байқауында оның алғашқы сән көрсетілімі өтті.

Бүгінде Эльза Қалиева патенттелген «ELZA&ART» брендімен өзінің киім желісін шығарып отырған танымал дизайнер. 2019 жылы «Business Lady Kazakhstan» жобасы аясында Францияда өткен «Қазақстан күзі» көрсетіліміне шақырылып, «VOGUE» журналы мен «DIOR», «PRADA» әлемдік сән үйінің өкілдерін киім үлгісімен таң қалдырды.


2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «Business Lady Kazakhstan» ұлттық киімінің «үздік дизайнері» атанса, Түркістан қаласында «Nomad Fashion Day» байқауында «үздік дизайнер» деп танылып, бас жүлдені жеңіп алды.

Мемлекеттің қолдауымен атырауда «Elza&art» студиясын ашқан кәсіпкер «Ulttyq ónim» көрмесіне қатысты

Көктем мерекесі қарсаңында Атырау қаласында сән көрсетілімін ұйымдастыратын «ELZA&ART» студиясының ашылуы өткен еді.

Эльза Қалиева – мамандығы бойынша қаржыгер. Диплом алған соң бірнеше жыл бойы сақтандыру корпорациясында бас менеджер болып жұмыс істеді. Алайда бала күнінен өзі ғашық болған шығармашылық оны алысқа жібермеді. Нәтижесінде сән саласында бизнес бастады.





«Қалиева» ЖК-нің жылжымайтын мүлік сатып алу бойынша жобасын «Банк Центр Кредит» АҚ «БЖК-2025» бағдарламасының 2-бағыты аясында мақұлдады. Қордың кепілдігі несие сомасының 22%-ын құрады.

Кәсіпкер Эльза Қалиева биыл 20-22 мамыр күндері Нұр-Сұлтан қаласында өткен «ULTYQ ONIM» көрмесіне қатысып, өз өнімдерін паш етті.

Мекенжайы:

Атырау қаласы, Аманшин көшесі, 4 б

тел: +7 701 554 68 48

Instagram: @elza_art_kz

Қазір Эльза шеберлік сабақтарын өткізіп, тәжірибесі мен білімін іс бастаушы кәсіпкерлермен бөліседі. Оның көптеген оқушылары тағылымдамадан өтіп, жетістікке жетуде, сән киімдерін шығарады, оның басшылығымен өтетін сән байқауларына белсенді қатысады.

“ «Мен жоғары кәсіби командалармен тату отбасымның арқасында арманымға жылдам қол жеткізудемін. Өзім алты баланың анасымын, жұбайым ұдайы қолдау білдіріп отырады. Мемлекеттік бағдарламаға қатысу маған студия үшін жылжымайтын мүлік сатып алуға мүмкіндік берді», - дейді кәсіпкер. ”



«Даму» қоры «Ұлттық жоба» аясында ШОБ өтінімдері қабылданып жатыр



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Үкіметі атынан ҰЭМ әзірлеген «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны» (бұдан әрі - Ұлттық жоба) жүзеге асыруды бастап кетті.

Ұлттық жоба аясындағы несие пайызының бір бөлігін субсидиялау бойынша өтінімдер «Даму» Қорының барлық өңірлік филиалдарында қабылданып жатыр.

Ұлттық жоба бұрын қолданыста болған «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын біріктірді. Мемлекеттік қолдау бірінші кезекте микро және шағын бизнесті қолдауға бағытталатын болады. Үкімет сондай-ақ экономиканың басым

секторларын және моно-шағын қалаларда шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау туралы шешім қабылдады.

Ұлттық жобаның бірінші блогында әлеуметтік жағдайы әлсіз өңірлердегі кәсіпкерлерді

қолдаудың өңірлік бағдарламасы аясында немесе төтенше жағдай кезі/төтенше жағдай енгізу кезеңінде немесе өзге де жағдайларда несие/микронесиелерді салалық шектеусіз, жергілікті бюджет қаражатынан субсидиялау мүмкіндігі берілген.

Осылайша, «Даму» Қоры жергілікті атқарушы

органдармен тығыз байланыста болады және өңірдің әлеуеті мен мүмкіндіктеріне тікелей назар аударады. Осы жаңалықтың арқасында ШОБ қолдау үшін қосымша құрал пайда болды.

Ұлттық жоба субсидиялау құралы бойынша да, кепілдік құралы бойынша да микро-шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталады. Бағдарламаға енді ірі бизнес субъектілері қатыспайды. Сондай-ақ жұмыс орындарын көбейту бөлігіндегі тиімділік

критерийлері бойынша бағдарламаға қатысушыларға міндеттеме белгіленді.

Республикалық маңызы бар қалаларда /облыс орталықтарында жүзеге асырылатын жобалар үшін төмендегідей толықтырулар қабылданды:

- субсидиялау құралы бойынша несиелі/лизингтің максимал сомасы 3 млрд теңгеге дейін деп белгіленді;
- Субсидия мен кепілдік тек өңдеу өнеркәсібі, қызмет көрсету сияқты экономиканың басымдық берілген секторларындағы (63 ЭҚЖЖ) жобаларға ғана беріледі.

Банктер мен лизинг компаниялардың несиелерін субсидиялау шарттары өзгеріссіз қалады. Ол бойынша ҚР Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінен жылдығы + 5%-дан аспайтын несиелерді «Даму» Қоры 6%-ға дейін субсидиялайды.

Бағдарламадағы өзгерістердің үшінші блогы моноқалалардағы жобаларға қатысты.

Субсидиялау және кепілдік беру бойынша **моно және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде** енді мынадай шарттар жүреді:

- кәсіпкердің өзі төлейтін несиенің сыйақы мөлшерлемесін 5%-ға дейін субсидиялау;

- ШОБ жобалары салалық шектеусіз субсидияланып, кепілдік беріледі;
- субсидиялау құралы аясындағы несиенің/лизингтің максимал сомасы – 1,5 млрд теңге;
- кепілдік беру құралы аясында несиенің максимал сомасы – 360 млн теңге;
- сауда саласында айналым қаражатын толықтыруға арналған 100 млн теңгеге дейінгі несиелер субсидияланып, кепілдік беріледі.

Қайта қаржыландырылатын несиелі/лизингтерді субсидиялау үшін бастапқы қарыз берудің өту мерзімі 2 жылға дейін деп белгіленді. Сондай-ақ, субсидиялауда 180 млн теңгеден асатын несиеге кәсіпкердің өз үлесін қосу жайлы талабы алынып тасталды.

Бағдарламадағы тағы бір жаңалық: лизинг компаниялары енді кепілдік беру құралы аясында кредитор ретінде әрекет ете алады.

Қор нарығы арқылы кепілдік беру құралы да енгізілді. Ол ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (АФФР) және KASE Қазақстан қор биржасымен бірлесіп әзірленді. Осылайша ұзақ мерзімге берілетін ақшаға қол жеткізуді қажет ететін орта бизнес

өкілдеріне ерекше назар аударылады. Олар үшін кепілдік беру құралы аясында KASE/ АХҚО алаңдарында жеке және институционал инвесторлардың қаражаты есебінен орта бизнес субъектілерін қаржыландырудың баламалы арнасы қарастырылған. Сенімді қарыз облигацияларына кепілдік 5 млрд теңгеге дейін «Даму» Қорының елу пайыздық кепілдігін ұсына отырып беріледі.

Бағдарламаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар кәсіпкерлік секторды молынан қамтуға, сондай-ақ оның тиімділігін арттыруға сеп болуы тиіс.

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін кәсіпкерлер өз жобасын жүзеге асыратын жердегі «Даму» Қорының өңірлік филиалына жүгіне алады.



Арманға апарар ЖОЛ

«Дәулет-Бекет» ЖШС 2001 жылдан бері Алматы облысы Іле ауданында асыл тұқымды түйе өсірумен айналысады. Берекенің басы екі бас түйе бағудан басталған. Түскен пайданы кәсіпкер біртіндеп түйе санын көбейтуге жұмсады. Ал 2004 жылы компания жалдап отырған жер аумағы мен түйелер сатып алуға қаржы алды.

Бұл істі отбасылық кәсіп деуге болады. Мал азығын өздері дайындайды, орта есеппен тәулігіне 4650 литр сүт, жылына 1697250 литр шұбат алады.

“ Шұбат – түйе сүтінің ашыған түрі. Бір литр шұбат адам ағзасының А, С, В1, В2, Д, Е витаминдері, кальций және басқа да микро және макроэлементтерге күнделікті қажеттілігін қамтамасыз ете алады. Сыйр сүтінен жасалған ашыған өнімдерге қарағанда шұбатта пайдалы заттар көп. Шұбаттың 1 литрінде 911 ккал болса, бие сүтінде - 528 ккал, сыйр сүтінде - 660 ккал бар. Ашыған сүт өнімі шұбат тек дәстүрлі технология бойынша шығарылады. ”

«Даулет-Бекет» ЖШС 2020 жылы Алматы қаласында ғимарат сатып алу үшін «Даму-Аймақтар III» өңірлік басым жобаларды қаржыландыру бағдарламасы бойынша қолдау алды. Пайыздық мөлшерлеме жылдық 13,5%-ды құрады, оның 6%-ын кәсіпкер төлейді, қалғанын мемлекет бағдалама аясында субсидиялайды.

Кәсіпорын инновациялық жоба ретінде Алматы қаласында «Сыдық» мейрамханасын ашты. Онда кәсіпорын өнімдері цехта өндіріліп, ұлттық, экологиялық таза өнім ретінде сатылуда.





Сондай-ақ, мұнда дәстүрлі қазақ асханасының тамаша тағамдарынан дәм татуға болады. Қазір Алматы тұрғындары мен қала қонақтары арасында кеңінен танымал.

«Дәулет-Бекет» ЖШС шығаратын өнім түрлері кеңейіп, кеден одағы елдеріне экспорттала бастады. Компания Қазақ тағамтану академиясының мақұлдауын алып, халал, экологиялық таза (ORGANIC) сертификаттарына қол жеткізді.

«Мен өз өнімімді Қазақстан нарығына шығаруды армандадым және оған қол жеткіздім! Қазір бүкіл елге сатамын және экспорттап отырмын. Бұл біздің азық-түлік қауіпсіздігіміз үшін өте маңызды. Бұл шаруаға мен де өз үлесімді қосып жатырмын», – дейді компанияның негізін қалаушы Сыдық Дәулетов мырза.

Компания 2020 жылы экспортқа құрғақ түйе сүтін шығаратын өндірістің негізін қалады.

«Кезінде ауылды түлетемін деп өзіме уәде бергенмін, – дейді Сыдық Дәулетов. – Мемлекет көмектесті, еліме құрметімді аямаймын. Мен қазір тек субсидия туралы, мемлекеттік көмек туралы айтып отырған жоқпын. Мемлекетке көп кәсіпкерге қолдау көрсетуде. Дегенмен, ең алдымен, біреу көмектессін деп отырмай, алдымен өзіңіз тырбануыңыз керек. Менің айтайын дегенім, тәуелсіз Қазақстанда бизнесіміз үшін барлық жағдай, мүмкіндіктер жасалған. Бұл даму үшін ең маңызды нәрсе!»

Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 155.

Байланыс телефондары: + 77002203623

WhatsApp: +7 700 338 11 10

Instagram: @sydyk_camel_milk



Фонд «Даму» способствует развитию предпринимательства в сфере **туризма**

Меры государственной поддержки казахстанских предпринимателей положительно сказываются на развитие туристической отрасли в стране. Об этом говорит рост интереса бизнесменов к услугам льготного финансирования, субсидирования и гарантирования Фонда «Даму».

За время реализации Фондом государственных программ в тур отрасли мерами господдержки охвачены 1721 проект на общую сумму кредитования 260,8 млрд тенге. Из этого числа 1197 проектов были поддержаны по программам «Дорожная карта бизнеса - 2025» и «Экономика простых вещей» (ЭПВ).


По итогам прошлого года 303 предпринимателя воспользовались финансовыми инструментами Фонда на общую сумму 31,1 млрд тенге. Сумма льготных кредитов составила более 1,1 млрд тенге, проценты по займам на общую сумму 21,9 млрд были просубсидированы, выданы гарантии Фонда на сумму более 8 млрд тенге.

Сейчас, в постпандемический период, наблюдается восстановление и развитие предпринимательской активности в стране. И в частности - отрасли туризма. Так, согласно макроэкономическим показателям в 2017 году в стране было зарегистрировано всего

26,8 тысяч предпринимателей из этой сферы, в 2020 году их количество возросло и составило 35,6 тысяч. Данные Бюро статистики так же свидетельствуют о восстановлении объема оказанных услуг размещения туристов. В 2020 году он составил всего 66,8 млрд тенге, а в 2021 году увеличился до 109 млрд тенге.

Одним из мест притяжения для туристов в Казахстане, безусловно, является озеро Алаколь. Повышенный турпоток стимулирует развитие бизнеса. Предприниматели региона, для улучшения качества и расширения спектра





предоставляемых услуг, обращаются в Фонд за поддержкой.

Соня Триандофилиди - индивидуальный предприниматель, более 16 лет занималась реализацией товаров в бутике в г. Талдыкурган. В 2016 году она приобрела участок на побережье Алаколя. Уже через год на пустыре за счет собственных средств построила зону отдыха «MARSELL FAMILY RESORT», состоящей из 5 корпусов. За несколько лет база стала популярной среди отдыхающих. И спрос значительно превысил предложение. Для дальнейшего развития дела предприниматель обратилась за мерами господдержки в Фонд. Ее заявка на гарантирование займа получила одобрение, и уже в скором времени на территории зоны отдыха будет дополнительно возведен 2-х этажный пансионат общей площадью 320 кв.м.

Зона отдыха «Комфорт» так же

развивает свое дело у озера Алаколь. Этот проект гостиничного комплекса уже одобрен специалистами Фонда «Даму» на гарантирование привлеченного кредита. Благодаря своевременным мерам поддержки предпринимателей на побережье появилась и функционирует новая точка притяжения туристов. В нынешнем летнем сезоне на этом объекте трудоустроены более 40 человек.

Интерес туристов к живописным местам Костанайской области прививает предприниматель Татьяна Лазарук. Бизнесвумен с 2009 года занимается оказанием услуг по элитному и корпоративному отдыху на базе отдыха «Деревенька в бору». Три двухэтажных дома с каминами и банкетными залами, обустроенной территорией для активного и семейного отдыха рядом с лесным массивом и озером являются излюбленным местом для отдыхающих в п. Щербакова. К сожалению, из-за ограниченных мест, база отдыха

не может принять больше гостей.

Для решения проблемы расширения бизнеса Татьяна Лазарук обратилась за мерами государственной поддержки. Теперь при помощи Фонда «Даму» планируется строительство новых гостевых домов на 30 мест, VIP дома с баней и камином, домов с террасой для семейных пар с детьми, беседок с мангальными зонами, будут проведены работы по очистке озера. Все эти перемены возможны благодаря своевременной помощи государства предпринимателям.

Эти проекты – типичны для субъектов микро, малого и среднего предпринимательства. Наибольшую активность в развитии своего дела при помощи инструментов поддержки Фонда «Даму» проявляют предприниматели из ВКО, Алматинской и Туркестанской области. Их доля в портфеле Фонда, направленного на развитие тур отрасли, составляет более 60%.

Гарантирование за **1 полугодие 2022 г.**

01

Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы/
(программы «Дорожная карта бизнеса-2025»)



2 259
проектов



90,3 млрд тг
сумма кредитов



38,3 млрд тг
сумма гарантий

02

Программа «Экономика простых вещей»
(механизм кредитования и финансового лизинга приоритетных проектов)



22
проекта



5,1 млрд тг
сумма кредитов



2,2 млрд тг
сумма гарантий

03

Программа гарантирования
«Даму-Оптима»



54
проекта



4,2 млрд тг
сумма кредитов



1,8 млрд тг
сумма гарантий

Итого:

Поддержано **2 335 проектов**

На сумму кредитов **99,5 млрд тенге**

На сумму гарантий **42,3 млрд тенге**

Субсидирование за **1 полугодие 2022 г.**

01

Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы/
(программы «Дорожная карта бизнеса-2025»)



1 883
проектов



200,7 млрд тг
сумма кредитов



47,3 млрд тг
выплачено субсидий

02

Программа «Экономика простых вещей»
(механизм кредитования и финансового лизинга приоритетных проектов)



77
проектов



124,6 млрд тг
сумма кредитов



21 млрд тг
выплачено субсидий

03

Портфельное субсидирование



1 350
проектов



8 млрд тг
сумма кредитов



3,3 млрд тг
выплачено субсидий

Итого:

Поддержано **3 310 проектов**

На сумму кредитов **333,3 млрд тенге**

Выплачено субсидий на сумму **71,6 млрд тенге**

Размещение средств по программам льготного кредитования через БВУ, МФО, ЛК **за 1 полугодие 2022 года**

Исламское
финансирование

410 000 000 тг

Программа регионального
финансирования

5 880 000 000 тг

Даму
Лизинг

3 623 224 600 тг

Даму
Микро

8 450 000 000 тг

Итого

18 363 224 600 тг

